

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ТӘРБИЕ ТҰҒЫРЫ

Бүгінде Қазақстан төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында жан-жақты даму жолында. Ел Президенті өз сөзінде, «Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Рухани жаңғыру, саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады» деп атап айтты. Бұл өз кезегінде рухани құндылықтарға басымдық беріп, уақыт сынынан сүрінбей өткен, көне дәуірден бізге жеткен озық дәстүрлерімізді табысты жаңғырудың негізі етіп алу-ды көздейді.

Осы орайда, 90 жылдық тарихы бар университетіміздің білім мен тәрбиенің ажырамас бірлігін қамтамасыз ететін «ұлттық тәрбиеге» сүйенген классикалық дәстүрлері қалыптасқан. Себебі педагогикалық университеттің бүгінгі шәкірттері ертең өз ісіне мығым, білікті маман ғана емес, Қазақстанның болашағы – жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелей білетін ұлағатты ұстаз болып қалыптасуы шарт.

Тұңғыш жоғары оқу орнының жазба әдебиеттің алыбы, ойшыл философ Абай атымен аталуы да заңдылық. Абай әдебиеттің ғана емес, жалпы қазақ руханиятының қайнар көзі әрі ұмтылып жетер шыңы деуге келеді.

Осы орайда оқу ордамызда Хакім Абайдың тағылымдық мұрасын кеңінен насихаттауға үлкен мән



берілген. 2008 жылы «Абайтану» ғылыми-зерттеу орталығы ашылып, барлық мамандықтары бойынша 1 курс студенттеріне 1 кредит бойынша «Абайтану» пәні оқытылуда. «Абайтану» пәнін сабақ ретінде енгізіп, оны қазақ, орыс топтарындағы студенттерге бір семестр бойы оқыту – Абай университетінде жүзеге асып отырған игілікті де жаңалықты бастама. Байқап жүрміз, «Абайтану» дәрісінің толық курсын өткен студенттер адам, өмір, заман, иман тануға келгенде біршама өсіп, өзгеріп, ой-санасы, мінезі толысып, ізгілене түседі.

Абай өмірі мен мұрасын терең тану мақсатында «Абайтану» кабинет-мұражайы ашылып, студенттердің тәжірибелік жұмысына септігін тигізіп келеді. Жастардың шығармашылық қабілеттерін

дамыту мақсатында екі жылда бір рет «Абай әлемі» республикалық жастардың өнер фестивалі ұйымдастырылып, Абай мұрасына қызығушылық танытатын жастардың үлесін арттыруға үлкен септігін тигізуде.

Университетіміз Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік қорық-музейімен өзара ынтымақтастығын дамыту және шығармашылық қарым-қатынасты нығайту бойынша меморандумға қол қойды.

Ұлт тұлғаларының өнегелі өмірі мен азаматтық ұстанымдарын жастарға кеңінен насихаттау мақсатында М. Ғабдуллин атындағы «Тұлғатану» орталығы «Тұлғалар тағылымы»



дәрістер циклы аясында қазақ елінің зиялылары Ахмет Байтұрсынұлы, Мәлік Ғабдуллин, Санжар Асфендияров, Темірбек Жүргенов сынды өнегелі тұлғалардың тағылымдарын дәріптеп, жастардың бойына азаматтық ұстанымды қалыптастыру бағытында мардымды жұмыстар атқарып келеді.

Елбасының «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын іске асыру және ұлттық сана сезімі жоғары, отаншыл рухы биік, өзге мәдениет өкілдерімен қалыпты қарым-қатынас жасай алатын азаматтарды тәрбиелеу мақсатында университетімізде «Мәңгілік ел» пәні оқытудың қосымша түрі ретінде барлық 1 курс студенттеріне 2 кредит негізінде жүргізілуде.

Тәрбие үдерісіндегі инновациялық формалардың бірі – ол «Тәрбие жетекшілігі жүйесі».

Бұл жүйенің басты ерекшелігі университет ректорынан бастап барлық профессорлар-оқытушылар құрамы мен құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлері түгелдей жастар тәрбиесі ісіне жұмылдырылған. Бұл жүйенің кураторлық жүйеден айырмашылығы әрбір тәрбие жетекшісіне 8-12 студенттен бекітіліп беріледі. Бұл инновациялық идеяны тұлғалық-бағдарлық тәрбиенің іске асырылуының негізгі тетігі деп қарастыруға болады.

Тәрбие жетекшілеріне әдістемелік көмек көрсету мақсатында білікті ғалым-ұстаздардың көмегімен семинар-тренингтер мен шеберлік-сыныптары ұйымдастырылып келеді. Биыл қаңтар айындағы «Кәсібилік

және педагогикалық шеберлік» қысқы мектебі аясында «Тәрбие жетекшісі мектебі» семинары ұйымдастырылып, 150-ге жуық тәрбие жетекшісі шеберліктерін шыңдауға мүмкіндік алды.

Тәрбие жетекшілерін ынталандыру мақсатында жыл сайын «Үздік тәрбие жетекшісі» байқауы өткізіліп, бүгінгі күнге дейін «үздік» деп танылған 133 тәрбие жетекшісі арнайы төсбелгі және материалдық тұрғыда марапатталды.

Жастардың арасында ақпараттық-идеологиялық жұмыстарды күшейту, олардың діни сауаттылығын арттыру мақсатында университетімізде жыл сайын дінтанушы, педагог, психолог

ғалымдар құрамынан лекторлық топ құрылып, аталмыш топпен жыл бойы дәрістер циклы ұйымдастырылады. 1 курс студенттеріне 2 кредит негізінде «Дінтану» пәні оқытылады.

Бүгінгі жаһандану жағдайында мемлекеттілікті нығайтудың басты тетіктері құқық бұзушылық пен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу болып табылады. Университетте сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу және оның алдын алу мақсатында ректор бұйрығымен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссия құрылып, қарқынды жұмыс жасауда. Сонымен қатар, Жастар ісі жөніндегі комитет әрбір семестр сайын студенттер арасында «Жемқорлықсыз сессия» атты сауалнама жүргізіп отырады. Білім сапасын арттыру, жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында «Академиялық адалдық» кодексі қабылданып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментімен Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы Хартияға қол қойды. Жастар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, олардың құқықтық сауаттылығын арттыру үшін жыл сайын «Құқықтық сауаттылық» онкүндігі өткізіледі.

Жоғары оқу орнында ұстаздар мен қызметкерлердің және білім алушылардың адамгершілік-моральдық және кәсіби-этикалық қасиеттерін жетілдіру, ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру мақсатында Студенттер мен магистранттардың Этикалық



кодексі, профессор-оқытушылар мен қызметкерлердің Этикалық кодексі қабылданған.

Оқу орнымызда көпшілік спорт түрлерін дамытуға, студенттер арасында салауатты өмір салтын насихаттауға үлкен мән берілген. 400 шаршы метрді құрайтын бокс залы, 600 шаршы метрлік ойын залы және үлкен зал, 5000 орындық стадион, жүгіру жолдары, футболға арналған ойын алаңы жастар игілігіне қызмет жасап келеді. Қазіргі күні университет қабырғасында 21 спорттық секцияға 1000-нан астам студент тартылған.

Сауықтыру дене мәдениеті кафедрасы жанындағы бұл спорттық секцияларға спорт шеберлері Б. Сақаев, Е. Телыханов, Ғ. Әшімханов, Е. Сайдақовтар жетекшілік етіп, бүгінгі күнге дейін республикалық, халықаралық, әлемдік дәрежедегі жас спортшыларымызды даярлап шығаруда. Атап айқанда, Бейбіт Назаров Kunlun Fight лигасының ММА жекпе-жек чемпионы, Даулет Ниязбеков, Мурат Шакенов, Илья Белых 2012 жылғы жазғы Лондон олимпиадасының қатысушылары, Замзагүл Файзолланова, Құрал Самалиев дзюдодан Азия чемпиондары, Даурен Тобықов еркін күрес бойынша алтын медаль иегері. Мадияр Ашкеев бокстан 69 салмақ дәрежесінде



Қазақстан және Әлем кубогының бірнеше мәрте чемпионы, «Астана Арланс» кәсіпқой бокс клубының мүшесі, Мейрамбек Барах қазақша күрестен республикалық ашық турнирдің чемпионы.

Сонымен қатар, 2006 жылдан бері университетімізде киокушинкай каратэ-до спорт түрінен секция ашылып, бұл секцияға жекпе-жек спортынан спорт шеберлері Бекмұрат Максұтов, Ақмырза Кенжебаев жетекшілік етуде. Осы мерзім ішінде университет қабырғасында оқып жүріп, әлем чемпионы болып - Аида Азизова, Азия чемпионы Ахылбек Ақмағанбеков, республикалық турнирлердің жеңімпаздары Анастасия Сахарнина, Асқар Қуанышев, Жандос Қойайдар, Жалғас Садырбаев атанды.

Шығыс жекпе-жек спорт түрін дамыту мақсатында жастар мен жасөспірімдер арасындағы республикалық турнир 2014 жылы бастау алып, жыл сайынғы дәстүрлі шараға айналды. Биыл университетіміз 90 жылдық мерейтойы аясында Ұлттық Республикалық Киокушинкай каратэ федерациясымен бірлесе отырып, 25 ақпан күні «Алматы Арена» мұз айдынында Киокушинкай каратэ-до бойынша Қазақстан чемпионатын өткізіп, 500-ден астам спортшының басын біріктірді.

Студент жастардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, орындаушылық шеберліктерін шыңдау, жас таланттарға қолдау көрсету мақсатында университет жанынан мәдениет бөлімі ашылып, 2011 жылдан бері жұмыс жасап келеді.

Бүгінге дейін университет жанындағы мәдениет бөлімінде қазақ өнерінің майталмандары әнші, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген әртісі, «Құрмет» орденінің иегері Майра Илиясова, атақты актер және режиссер Тасболат Омаров, әнші-сазгер Мақсат Жәутіков, продюсер Сержан Молдасанұлы, актер, бүгінде Астана «Жастар» театрының директоры Ернар Жұматаев сынды тұлғалар қызмет атқарып, жастарымыздың шығармашылық әлеуетін арттыруға үлкен үлес қосуда. Соның нәтижесінде соңғы жылдары бірқатар өнерпаз тұлғаларымыз үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Атап айтсақ, Айкүміс Бөлеген «Алматым жүрегімде» республикалық ән



байқауының бас жүлде иегері, Бағдат Еламанова «Студенттік көктем» шығармашылық фестивалінде бас жүлде иегері, Сұңғат Аманбаев Алматы қалалық ЖОО арасында өткен «Абайды білмек керек, ойлы жасқа» мұшайрасының бас жүлде иегері атанды.

2016 жылы Өнер, мәдениет және спорт институтының студенті Олеся Хоменко республикалық Шәмші әндері байқауының жеңімпазы атағына ие болды. Университетіміздің «Апорт» жайдарман тобы түрлі қалалық, аймақтық және республикалық КТК ойындарына қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Бүгінде «Апорт» жайдарман тобы ұлттық арнадан көрестілетін жайдарман ойындарында университетіміздің атын шығарып жүр.

Білім алушылар мен қызметкерлер үшін медициналық қызметті қолжетімді әрі тиімді ету мақсатында университетіміздің Денсаулық сақтау пункті 2017 жылдың сәуірінен №1 қалалық емханасымен өзара әрекеттестік туралы келісім шартқа қол қойып, қазірде қарқынды жұмыс жасап келеді. Денсаулық пунктінде студенттер амбулаториялық ем, жедел жәрдем алуға, жалпы анализ тапсыруға мүмкіндіктері бар. 2 дәрігер-терапевтің кабинеті, 1 процедуралық кабинет, жедел науқасты уақытша оқшалау бөлмесі арнайы жабдықталған. Сонымен қатар қосымша психолог және дерматолог қызмет көрсетеді.

Университетте әлеуметтік қолдау жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында тәрбие департаменті жанынан арнайы әлеуметтік бөлім ашылып, қазіргі күні әлеуметтік көмекке мұқтаж студенттермен тығыз байланыс орнатқан. Жыл бойы университет қаражаты есебінен мыңға жуық білім алушыға түрлі дәрежедегі әлеуметтік қолдау көрсетіліп, соның ішінде оқу ақысына жеңілдіктер қарастырылған. Биылғы жылы 517 білім алушы оқу ақысына жеңілдік алып, 100-ден астам білім алушы мен қызметкер «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесіне жолданды.

Студенттердің тамақтану мәселесіне де айрықша көңіл бөлінген. Оқу ғимараттарында 5 асхана жұмыс істейді. Қазіргі таңда университет балансында бес жатақхана бар. Жатақханаларда білім алушылардың тұрмысына барлық жағдай жасалған.



Тоқсан жылдық мерейтой аясында университетіміздің ректоры, профессор Такир Балықбаевтың тікелей басшылығымен көптеген жұмыстар атқарылды. Студенттерге қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында «бір терезе» қағидасын іске асыруға бағытталған «Шапағат» орталығы ашылды, сондай-ақ, №1 оқу ғимаратындағы асхана күрделі жөндеуден өтті, ал №5 оқу ғимаратындағы акт залына күрделі жөндеу жүргізілуде. Әлеуметтік қолдауға мұқтаж 517 білім алушының оқу ақысына 10-50 пайыз аралығында жеңілдіктер көрсетілді. Білім сапасын арттыру, жемқорлыққа жол бермеу және оған қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында тұңғыш рет «Академиялық адалдық» кодексі қабылданды.

Осы жылдың басынан университетімізде «Univer» жүйесі іске қосылды. Университетіміздің 90 жылдығын атап өту үшін 70-тен астам іргелі шаралар өткізу жоспарланған. Солардың бастауы ретінде, 15-16 ақпан аралығында «Менің пірім – Сүйінбай» дәстүрлі республикалық студент-ақындар арасында аламан айтыс ұйымдастырылып, еліміздің түкпір-түкпірінен келген 54 айтыскер-ақын бақ сынасты.

Айтыстың жалпы жүлде қоры – 2 миллион теңгені құрады. Бұл іргелі іс-шараларымыздың тек бастауы ғана.

Алдағы уақытта жастардың қоғамдық белсенділігін арттыру, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу мақсатында Атамекен клубының 15 жылдығына орай республикалық дебаттық турнир, «Абай әлемі» фестивалі, республикалық патриоттық жастар форумы сынды іргелі шараларды өткізу жоспарда.

Елбасы айтып кеткендей, қазіргі таңда біздің алдымызда білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру міндеті тұр. Өз кезегінде біз тағылымы мол тарихы мен дәстүрі үзілмеген университетіміздің ұлттық болмысын сақтай отырып, жастарымыздың сыни ойлау қабілеттерін дамытуға, оларды өз бетінше ізденуіне, ақпараттық технологияларды жетік меңгеруіне, қаржылық сауаттылықтарын арттыруға баса көңіл бөлуіміз қажет.

Жанатбек ІШПЕКБАЕВ,
Абай атындағы ҚазҰПУ-нің тәрбие жұмысы және әлеуметтік даму жөніндегі проректоры, профессор

АННОТАЦИЯ ○

В статье проректор КазНПУ имени Абая профессор Жанатбек Ишпекбаев очерчивает огромное поле деятельности нашего первого по времени возникновения отечественного вуза на поприще духовного возрождения страны, вклад университета в претворение в жизнь стратегии «Қазақстан-2050» и национальной идеи «Мәңгілік Ел».